



Қорытынды мемлекеттік аттестация  
жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың  
титулдық парағы

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/21

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Биотехнология кафедрасы

5В070100 «Биотехнология» мамандығының студенттеріне арналған

## **ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Павлодар

Кегль 14,  
буквы  
строчные,  
кроме  
первой  
прописной



Қорытынды мемлекеттік  
аттестация жөніндегі  
әдістемелік нұсқауларды бекіту  
парағы

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/27

## Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

### БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор  
\_\_\_\_\_ Н.Э.Пфейфер  
2010\_ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_

5В070100 «Биотехнология» мамандығының  
студенттеріне арналған қорытынды мемлекеттік бақылау жөніндегі

### ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Әдістемелік нұсқау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мамандықтың ҚР МЖМБС 3.08.327-2006, Ағымдағы үлгерімге бақылау жүргізудің типтік ережелері, жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды аралық және қорытынды аттестациялау және «Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмысты (жобаны) орындау ережелері. Негізгі ережелер» атты ҚР МЖМБС 5.03.016-2009 негізінде әзірленді.

Құрастырушы: \_\_\_\_\_ доцент, техн. ғыл. канд Н.К.Ахметова

«Биотехнология» кафедрасы

«Биотехнология» кафедрасының отырысында ұсынылды 2010ж. «17» тамыз № 1 Хаттама  
Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ М.С. Омаров 2010ж. «17» тамыз

Агротехнологиялық факультеттің факультетінің ОӘК мақұлданды  
2010 ж. «25» тамыз № 1 Хаттама

ОӘК төрағасы \_\_\_\_\_ М.Е. Жагипарова 2010 ж. «25» тамыз

### КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Т.К. Бексеитов 2010 ж. «25» тамыз

### МАҚҰЛДАНДЫ:

ОҮСМБ бастығы \_\_\_\_\_ Е.В.Крюкова 2010 ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_

ОҮЖЖӘҚБ бастығы \_\_\_\_\_ А.А. Варакута 2010 ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды

2010 ж. «25» тамыз, № 8 Хаттама

## **1 Қорытынды мемлекеттік аттестация мен мемлекеттік емтихандардың мақсаттары мен міндеттері**

Қорытынды мемлекеттік аттестация бітірушілердің дайындығының соңғы кезеңі болып табылады.

Студенттердің қорытынды мемлекеттік аттестациясы –сәйкесінше деңгейделі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен қарастырылған оқу пәндерінің көлемін игеру дәрежесін анықтау мақсатымен жүргізілетін процедура.

Қорытынды мемлекеттік аттестация диплом жұмысын (жобасын) жазу мен қорғауды және мамандық бойынша Мемлекеттік емтиханды тапсыруды енгізеді.

Студенттердің мемлекеттік емтиханға дайындалу мен бітіру квалификациялық жұмысты орындау уақытында жоспарлы дербес жұмысы белгілі бір пәнді оқу үрдісінде алынған білімдерді терең толғауға және бекітуге, жүйелендіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды мемлекеттік аттестацияның мақсаты бітірушілердің білімдерін және мамандық бойынша тәжірибелік әрекетке дайындығын тексеру ғана емес, сонымен қатар оларды келесі дербес жұмысқа ынталандыру болып табылады.

Диплом жобаларын орындау келесі мақсатқа ие:

- мамандық бойынша теориялық білімдер мен тәжірибелік машықтарды жүйелендіру, бекіту және кеңейту, оларды нақты ғылыми, техникалық және өндірістік міндеттерді шешкен кезде қолдану;

- дербес жұмысты жүргізу машықтарын дамыту, ғылыми зерттеулер мен құрастырылатын жобада қойылған міндеттерді шешкен кезде эксперименттерді жүргізу әдістемесін игеру;

050701 – Биотехнология мамандығы бойынша бітіруші келесі функцияларды орындауға дайын болуы керек:

- биотехнологиялық өнімді өндіруді жүзеге асыру ой продукция;
- биотехнология объектілерін культивациялау мен биологиялық жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды тудыру;

- биотехнологиялық өндірістің жеке кезеңдерін ұйымдастыру

Бакалаврлардың кәсіптік әрекеті бағытталған:

- биотехнологияда биологиялық объектілердің оптималды жағдайларын сараптау және таңдау мақсатымен ғылыми-зерттеулік жұмыстарды жүргізу;

- эксперименталды және өндірістік жұмыстарды жоспарлау, ұйымдастыру мен орындау;

- өндірістік жағдайларда биотехнологиялық үрдістерді жүзеге асыру жағдайларын қамтамасыз ету.

Еңбек нарығы мен жұмыс берушінің талаптарын ескеріп, бакалар міндетті:

түсінігі болуы керек:

- биотехнологияның әр-түрлі салаларында пайдаланылатын негізгі объекттер, әдістер мен принциптер туралы;

түсіну:

- биотехнологияның әр-түрлі салаларының қазіргі жағдайын;
- биотехнологиялық өндірістер мен биотехнологиялық өнімге қойылатын талаптарды;

білу:

- биотехнологияның әр-түрлі салаларының теориялық және қолданбалы міндеттерін шешу негіздерін;

- биотехнологияның даму келешегін;

істей алу:

- қоғамның биотехнологиялық өнімге деген мұқтаждықтарын анықтау;
- кәсіптік потенциалды жүзеге асыру;
- биотехнологиялық жабдықтарды пайдалану машықтарын игеру;
- ғылыми негізде еңбек әрекетін ұйымдастыру;

білу:

- биотехнологиялық объектілерді зерттеу әдістері мен әдістемеліріне;
- ақпаратты іздеудің, жинақтаудың, сақтаудың және өңдеудің қазіргі замаңғы ақпараттық технологияларына;

компетентті болу

- биотехнология проблемаларында;

ие болу:

- жұмыс берушілер мен серіктестерді қызықтыратын кәсіптік компетенцияға.

#### Биотехнология бакалавры міндетті

білу:

- микробты синтез, өсімдік және жануар текті өнімдерді алу технологияларын;

- биотехнологиялық үрдістерді бақылау әдістерін;

- микроағзалардың, өсімдіктердің, жануарлардың продуктивті формаларын алу әдістерін;

- жаңа ақпараттық технологиялармен.

көрініс болу керек:

- микроағзалардың, өсімдіктер мен жануарлардың, эмбриоинженерияның, иммунобиотехнологияның мүмкіндіктері;

- зертханалық және өнеркәсіптік биотехнологияда қолданылатын инженерлік қамтамасыз ету мен препаративті әдістерді;

білу:

- гендік және жасушалық инженерия әдістерін;

- эмбриотрансплантация, эмбриомәдениет және эмбриоинженерияны

білу;

- микроағзаларды, өсімдіктерді, жануарларды селекциялаудың қазіргі әдістерін;

- тамақтану өнімдерін алу биотехнологиясын;

игеру:

- биотехнологияның әр-түрлі салаларында қолданылатын негізгі әдістерді.

#### Биотехнология бакалавры міндетті

білу:

- биотехнология саласында әлемдік ғылымның қарқындарын;
- әр-түрлі елдерде қолданылатын биотехнологияның бағыттарын;
- биотехнологияның қазіргі жағдайы және келешектері;

ие болу:

- қоғамда әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістерге мобильді көңіл аудару қабілеті;

ие болу:

- өзін өз күшімен әрекет ете алатын тұлға, құқықтар мен міндеттерді қолданушы ретінде сезіну;

- әлеуметтік альтернативаларды жауапты таңдауға дайын болу.

- биотехнологиялық өнімге сұраныстың және ұсыныстың өзгеруін сараптау және болжауды білу;

- ауыл шаруашылық, тағамдық, өңдейтін, медициналық, ветеринарлы және экологиялық биотехнология саласында экономикалық жағдайды сараптау үшін жеткілікті теориялық дайындыққа ие болу;

□ Техниканың, технологияның, өндірістің ұйымдастырылуының даму тенденциялары мен заңдылықтарын ескеріп, ең тиімді, оптималды шешімдерді қабылдау мен өмірге енгізу қабілетіне ие болу.

## **2 Қорытынды мемлекеттік аттестация мен мемлекеттік емтихандарды жүргізу формалары**

Мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбе мен мамандықтың жұмыс оқу жоспарларымен қарастырылған мерзімдерде өткізіледі, үйлестірілген емтихан түрінде (тестілеу + ауызша емтихан).

Білім алушылардың қорытынды аттестациясының ұзақтығы 4 жұмадан кем емес мерзімдерде орнатылады.

Білім алушылардың қорытынды аттестациясын жүргізу үшін білім алудың барлық формалары үшін мемлекеттік аттестациялық комиссия құрылады.

Емтихандық комиссия шығарушы кафедраның жетекші оқытушыларынан қалыптастырылады, әдетте, пәнаралық қорытынды емтихан құрамына енген оқу пәндерін оқытатын оқытушылардан. Емтихандық комиссия құрамына жетекші оқытушылар мен басқа жоо ғылыми қызметкерлері енгізілуі мүмкін.

Емтихандық комиссияның құрамы, төрағасы мен хатшысын қоса, жоо ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Мемлекеттік аттестациялық комиссияның құрамы жоо басшысының бұйрығымен бекітіледі, 31 желтоқсаннан кеш емес, күнтізбелік жыл ішінде әрекет етеді.

Ауызша түрдегі мемлекеттік емтихан Мемлекеттік аттестациялық комиссиямен (МАК) жүргізіледі, тестілеу оқу үрдісінің сапасын мониторингілеу бөлімімен өткізіледі.

Мемлекеттік емтиханды жүргізудің үйлестірілген формасында тест сұрақтарының саны 30 құрайды, бір тест тапсырмасын орындау уақыты – 1,5

мин. Емтихан билетіндегі сұрақтардың саны – 2. ауызша түрдегі емтиханға дайындалуға студентке 1 академиялық сағат беріледі.

Емтихандық билеттің барлық сұрақтары бойынша жауапты дайындау үрдісінде және ол аяқталғаннан кейін студентке емтихандық комиссияның рұқсатымен нақтылайтын және қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Студенттің жауабы аяқталғаннан кейін және комиссия төрағасы сұрақтардың аяқталуын жариялағаннан кейін емтихандық комиссия мүшелері өздерінің хаттамаларында емтихан тапсырғанның әрбір сұраққа жауаптары үшін және жалпы баға қояды.

Емтихан аяқталғаннан кейін емтихандық комиссия жабық отырыста әрбір студенттің жауап беру сипатын талқыға салады, комиссияның әрбір мүшесінің қойған бағасын сараптайды және жүйе бойынша жалпы қорытынды емтихан бойынша әрбір студентке келісілген баға қойылады.

Комиссия мүшелерінің қойған бағаларының негізінде қорытынды баға бойынша емтихандық комиссия мүшелерінің пікірлері ажыраса, онда емтихандық комиссияның шешімі қорытынды аттестация туралы Қалыпқа сәйкес қабылданады. . Дауыстардың тең болуы жағдайында комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Үйлестірілген формада емтихан бойынша қорытынды баға емтихандық комиссияның отырысының хаттамасына енгізіледі, студентке хабарланады және емтихандық ведомостьке қойылады, онда емтихандық комиссияның төрағасы мен мүшелері қолдарын қояды.

Мемлекеттік емтихан бойынша студенттің қорытынды бағасы «қанағаттанарлық емес» болған жағдайда, ол бітіру квалификациялық жұмысты қорғауға жіберілмейді және академиялық анықтаманы алумен жоо шығарылады.

Қорытынды емтиханға енгізілетін пәндердің сұрақтарының құрамы мен мазмұны, сонымен қатар емтихандық комиссияның құрамы жыл сайын түзетіледі және шығарушы кафедраның отырысында бекітіледі. Көрсетілген түзетулердің сипаты уақытында студенттерге жеткізіледі.

Бекітілген кестеге сәйкес қорытынды аттестацияға маңызды себеппен келмеген студент МАК төрағасы атына өтініш жазады, емтиханға қатыспау себебін растайтын құжат келтіреді, және оның рұқсаты бойынша емтиханды немесе диплом жұмысын берілген комиссияның отырысының келесі күнінде тапсыруы мүмкін.

Оң бағаны жоғарылату себебімен мемлекеттік емтиханды қайта тапсыру мен диплом жобасын (жұмысын) қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

Қорытынды аттестацияның берілген кезеңінде «қанағаттанарлық емес» баға алған студенттерге мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыру және/немесе диплом жұмысын қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

### **3 Мемлекеттік емтихандарды жүргізу тәртібі**

Мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбе мен мамандықтың жұмыс оқу жоспарларымен қарастырылған мерзімдерде өткізіледі, үйлестірілген емтихан түрінде (тестілеу + ауызша емтихан).

Емтихандық комиссия шығарушы кафедраның жетекші оқытушыларынан қалыптастырылады, әдетте, пәнаралық қорытынды емтихан құрамына енген оқу пәндерін оқытатын оқытушылардан. Емтихандық комиссия құрамына жетекші оқытушылар мен басқа жоо ғылыми қызметкерлері енгізілуі мүмкін.

Емтихандық комиссияның құрамы, төрағасы мен хатшысын қоса, жоо ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Ауызша түрдегі мемлекеттік емтихан Мемлекеттік аттестациялық комиссиямен (МАК) жүргізіледі, тестілеу оқу үрдісінің сапасын мониторингілеу бөлімімен өткізіледі.

Мемлекеттік емтиханды жүргізудің үйлестірілген формасында тест сұрақтарының саны 30 құрайды, бір тест тапсырмасын орындау уақыты – 1,5 мин. Емтихан билетіндегі сұрақтардың саны – 2. ауызша түрдегі емтиханға дайындалуға студентке 1 академиялық сағат беріледі.

Ауызша формада жауапқа дайындық кезінде студенттер әрбір сұрақ бойынша факультет штампы бар емтихандық комиссия хатшысы таратқан қағаздарға қажетті жазбалар жазады. Емтихандық билеттің барлық сұрақтары бойынша жауапты дайындау үрдісінде және ол аяқталғаннан кейін студентке емтихандық комиссияның рұқсатымен нақтылайтын және қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Студенттің жауабы аяқталғаннан кейін және комиссия төрағасы сұрақтардың аяқталуын жариялағаннан кейін емтихандық комиссия мүшелері өздерінің хаттамаларында емтихан тапсырғанның әрбір сұраққа жауаптары үшін және жалпы баға қояды.

Емтихан аяқталғаннан кейін емтихандық комиссия жабық отырыста әрбір студенттің жауап беру сипатын талқыға салады, комиссияның әрбір мүшесінің қойған бағасын сараптайды және жүйе бойынша жалпы қорытынды емтихан бойынша әрбір студентке келісілген баға қойылады.

Комиссия мүшелерінің қойған бағаларының негізінде қорытынды баға бойынша емтихандық комиссия мүшелерінің пікірлері ажыраса, онда емтихандық комиссияның шешімі қорытынды аттестация туралы Қалыпқа сәйкес қабылданады. . Дауыстардың тең болуы жағдайында комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Үйлестірілген формада емтихан бойынша қорытынды баға емтихандық комиссияның отырысының хаттамасына енгізіледі, студентке хабарланады және емтихандық ведомостьке қойылады, онда емтихандық комиссияның төрағасы мен мүшелері қолдарын қояды.

Мемлекеттік емтихан бойынша студенттің қорытынды бағасы «қанағаттанарлық емес» болған жағдайда, ол бітіру квалификациялық жұмысты қорғауға жіберілмейді және академиялық анықтаманы алумен жоо шығарылады.

Қорытынды емтиханға енгізілетін пәндердің сұрақтарының құрамы және мазмұны, сонымен қатар емтихандық комиссияның құрамы жыл сайын түзетіледі және шығарушы кафедраның отырысында бекітіледі. Көрсетілген түзетулердің сипаты уақытында студенттерге хабарланады.

#### **4 Бітіру жұмыстарын қорғау тәртібі**

Диплом жұмысын (жобасын) қорғау тәртібі білім беру саласындағы орталық орындаушы органымен бекітілген білім беру мекемелерінде үлгерімнің ағымдық бақылауы, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестацияны жүргізудің Ережелерімен анықталады.

Диплом жұмысын (жобасын) қорғау мүшелерінің жартысынан кем емес мемлекеттік аттестациялық комиссияның ашық отырысында жүргізіледі.

Диплом жұмысын (жобасын) қорғау ресми түрде ұйымдастырылады, студенттердің, шығарушы кафедраның қатысуымен. Қорғауға сонымен қатар ғылыми жетекші, дипломдық зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және басқа да мүдделі адамдар болуы мүмкін.

Бір диплом жұмысын қорғау ұзақтығы, әдетте, бір студентке 30 минуттан аспауы керек.

Диплом жұмысын қорғау үшін студент баяндамамен мемлекеттік аттестациялық комиссияның алдында 15 минуттан кем емес уақыт бойы сөз сөйлейді.

Диплом жұмысын (жобасын) талқылағанда барлық қатысушылар сұрақтар немесе сөз сөйлеулер түрінде қатысуы мүмкін.

Талқылаудан кейін комиссия хатшысы пікір (қатысқан жағдайда ғылыми жетекші өзі сөз сөйлеуі мүмкін) және рецензияны оқиды. Пікір және немесе рецензияда ескертулер болған жағдайда студент олардың мәні бойынша аргументтелеген түсіндірмен беруі керек.

Диплом жобасын (жұмысын) қорғау нәтижелері бойынша студенттердің білімдерін бағалаудың баллдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады. Осы кезде білім алушының теориялық, ғылыми және тәжірибелік деңгейі, сонымен қатар ғылыми жетекші мен рецензенттің пікірлері назарға алынады.

Диплом жұмысын қорғау нәтижелері әрбір студент бойынша жеке мемлекеттік аттестациялық комиссияның отырысының хаттамасымен рәсімделеді және оларды өткізу күні хабарланады.

#### **5 Мемлекеттік емтихандар мен бітіру жұмыстарын қорғау бағаларын қою тәртібі**

Жауапқа дайындық кезінде студенттер әрбір сұрақ бойынша емтихандық комиссия хатшысы таратқан факультет штампы бар қағаздарға қажетті жазбалар жасайды. Ауызша түрде өтетін емтиханға дайындалуға студентке 1 академиялық сағат беріледі. Емтихандық билеттің барлық сұрақтары бойынша жауапты дайындау үрдісінде және ол аяқталғаннан кейін студентке емтихандық комиссияның рұқсатымен нақтылайтын және қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.



Студенттің жауабы аяқталғаннан кейін және комиссия төрағасы сұрақтардың аяқталуын жариялағаннан кейін емтихандық комиссия мүшелері өздерінің хаттамаларында емтихан тапсырғанның әрбір сұраққа жауаптары үшін және жалпы баға қояды.

Емтихан аяқталғаннан кейін емтихандық комиссия жабық отырыста әрбір студенттің жауап беру сипатын талқыға салады, комиссияның әрбір мүшесінің қойған бағасын сараптайды және жүйе бойынша жалпы қорытынды емтихан бойынша әрбір студентке келісілген баға қойылады.

МАК барлық отырыстары МАК отырысының хаттамасымен рәсімделеді, егер онда мүшелердің жартысынан кем емес отырса, онда жарамды деп есептеледі.

МАК отырысының хаттамаларының барлық бланктері МАК жұмысы басталмас бұрын білім алушылардың қорытынды аттестациясының әрбір формасы бойынша жоо-ның оқу бөлімінің (оқу-әдістемелік басқарма) мөрімен бекітіліп, нөмірленуі керек.

МАК отырыстарының хаттамалары 5-7 қосымшаларға сәйкес әрбір білім алушыға жеке жүргізіледі.

Хаттама шығарушы кафедраның оқытушыларының құрамынан комиссия құрамына бекітілген МАК хатшысымен толтырылады.

Диплом жобасын (жұмысын) қорғау туралы бағалар, сонымен қатар квалификацияны беру, академиялық дәреже тағайындау мен мемлекеттік үлгідегі дипломды беру туралы (үздік, үздік емес) шешімдер МАК жабық отырысында отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің көп дауысымен ашық дауыс берумен шешіледі. Дауыстардың тең болуы жағдайында комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Хаттамаларға мемлекеттік емтихандар мен диплом жобасын (жұмысын) қорғау кезінде анықталған білімдердің бағалары енгізіледі, сонымен қатар қойылған сұрақтар мен МАК мүшелерінің пікірлері жазылады. Егер МАК бір мүшесінің пікірі комиссияның басқа мүшелерімен сәйкес келмесе, онда ол өз пікірін хаттамаға жазуы мүмкін және жеке қолын қояды. Хаттамада квалификацияны беру, академиялық дәреже, сонымен қатар білім алушыға қандай диплом (үздік немесе үздік емес) берілетіндігі көрсетіледі.

Хаттамаларға төраға мен отырысқа қатысқан аттестациялық комиссияның мүшелері қолдарын қояды.

МАК жұмысы аяқталғаннан кейін барлық хаттамалар орнатылған тәртіпте сақтау үшін жоо-ның архивіне беріледі.

Мемлекеттік емтихандарды тапсыру мен диплом жұмыстарын қорғау нәтижелері оларды өткізу күні жарияланады.

Мемлекеттік емтиханды тестілеу түрінде өткізу жағдайында, хаттаманы рәсімдеу үшін негіз ретінде емтихандық ведомость алынады.

Диплом жұмысын қорғау МАК ашық отырысында жүргізіледі. Бір диплом жобасын (жұмысын) қорғау ұзақтығы бір студентке 50 минуттан аспау керек. Диплом жұмысын қорғау үшін білім алушы МАК алдында 15 минуттан көп емес уақыт баяндамамен шығады.

Диплом жобасын (жұмысын) қорғау нәтижелері бойынша студенттердің білімдерін бағалаудың баллдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады. Осы кезде білім алушының теориялық, ғылыми және тәжірибелік деңгейі, сонымен қатар ғылыми жетекші мен рецензенттің пікірлері назарға алынады. Білімдерді бағалау төменде келтірілген әріптік жүйеге сәйкес жүргізілуі керек.

Төрт баллды жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес келетін студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық емес
F	0	0-49	

## 6 Қайта аттестациялаудан өту тәртібі

Бекітілген кестеге сәйкес қорытынды аттестацияға маңызды себеппен келмеген студент МАК төрағасы атына өтініш жазады, емтиханға қатыспау себебін растайтын құжат келтіреді, және оның рұқсаты бойынша емтиханды немесе диплом жұмысын берілген комиссияның отырысының келесі күнінде тапсыруы мүмкін.

Оң бағаны жоғарылату себебімен мемлекеттік емтиханды қайта тапсыру мен диплом жобасын (жұмысын) қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

Қорытынды аттестацияның берілген кезеңінде «қанағаттанарлық емес» баға алған студенттерге мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыру және/немесе диплом жұмысын қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

Егер диплом жобасын (жұмысын) қорғау қанағаттанарлық емес деп танылса, онда МАК сол жұмысты қателерді түзетіп қорғай ала ма, немесе шығарушы кафедра анықтайтын жаңа тақырыпты құрастыра ма деген шешім қабылдайды.

Білім алушының екінші рет қорытынды аттестациясы қорытынды аттестацияның келесі кезеңінде жүргізіледі, алдындағы қорытынды аттестация кезінде қанағаттанарлық емес баға алынған формалар бойынша.

Осы кезде емтихандарды тапсырмаған адамдар үшін мемлекеттік емтихандарға шығарылған пәндердің тізімі білім алушы теориялық курсты аяқтаған жылы әрекет еткен оқу жоспарымен анықталады.

Қорытынды аттестация нәтижелері бойынша жоо шығарылған студент бір жылдан кейін, қорытынды аттестация басталуынан екі жұмадан кем емес уақытта білім беру ұйымының басшысының атына «қанағаттанарлық емес» деген баға алынған формалар бойынша тапсыруға рұқсат ету туралы өтініш жазады.

Қорытынды аттестация бойынша қанағаттанарлық емес баға алған студенттер орнатылған үлгідегі Анықтаманы берумен жоо басшысының бұйрығымен жоо-нан шығарылады.

Қанағаттанарлық емес баға алғаннан кейін денсаулық туралы МАК берілген құжаттар қарастырылмайды.

### **7 Университетті бітіру бойынша документтерді рәсімдеу және беру реті**

Қорытынды аттестацияны өткен, және, жоғары білімнің сәйкес кәсіби оқу бағдарламасын меңгергенін дәлелдеген студентке, ГАК-тың шешімі бойынша «биотехнология бакалавры» деген академиялық дәреже беріледі және мемлекеттік үлгідегі қосымшалы диплом марапатталады.

Дипломға берілетін қосымша регистратор офисінің анықтамасы негізінде оқушымен жеке оқу жоспарын орндағаны, барлық пәндер бойынша көлемдегі баға негізінде, ГОСО бойынша қарастырылған, тапсырылған курстық жобалар (жұмыстар) бойынша, тәжірибе түрлері және қорытынды аттестация негізінде толтырылады.

Дипломдық жобаны (жұмысты) табысты қорғағаннан кейін ГАК хаттамасының негізінде, деканат студенттің С. Торайғыров атындағы ПМУ-дан шығару туралы бұйрық шығарады және студентке айналма парақ береді. Бұйрыққа қол қойғаннан кейін бір ай ішінде студентке ЖОО-н бітіргені туралы диплом беріледі.

Емтихандар мен дифференциалданған сынақтарды А, А-, «өте жақсы» бағаларымен оқу жоспарының барлық пәндерінен 75 пайыздан кем емес жинаған, ал қалған пәндер бойынша – В-, В, В+, «жақсы», және барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырған және диплом жобасын (жұмысын) А, А-, «өте жақсы» бағаларымен қорғаған студентке үздік диплом беріледі.